

РЕСПУБЛИКА САЛАЛАРЫ МЕН АЙМАҚТАРЫНЫҢ ЭКОНОМИКАЛЫҚ ДАМУЫ ЖӘНЕ ОЛАРДЫҢ ӘЛЕМНІҢ БӘСЕКЕҚАБІЛЕТТІ 50 ЕЛДЕР ҚАТАРЫНА ҚОСЫЛУ МӘСЕЛЕЛЕРІ ПРОБЛЕМЫ ЭКОНОМИЧЕСКОГО РАЗВИТИЯ РЕГИОНОВ И ОТРАСЛЕЙ В СВЕТЕ ВХОЖДЕНИЯ РЕСПУБЛИКИ В ЧИСЛО 50-ТИ КОНКУРЕНТОСПОСОБНЫХ СТРАН МИРА

ӘОЖ 330.342.22:004(574)

Т.Б.Қазбеков, Б.Т.Онаева

Е.А.Бөкетов атындағы Қарағанды мемлекеттік университеті

Мемлекеттік үдемелі индустриалдық-инновациялық бағдарламаны іске асырудың қыр-сыры хақында

Республика экономикасының жеделдетілген түрлендіруіне кедергі келтіретін факторлар: өндіргіш күштерді индустриализацияламау, қазіргі заманғы өндірістердің тұралауы, экономиканың шикізаттық бағытталуы қарастырылған. Қазақстанның технологиялық артта қалу себептері көрсетілген. Елді дамытудың Индустриалдық-инновациялық мемлекеттік бағдарламасын дайындау арқылы республикалық экономиканың және әлеуметтік өмірін сандық және сапаның арттыру жолдары ұсынылған. Қазақстан Республикасының 2010–2014 жж. аралығында индустриалдық-инновациялық даму потенциалы мен механизмдері ел экономикасын қалыпты дамыту негізі ретінде берілген.

Кілтті сөздер: экономикалық өсу, форсайт, макродеңгей, инновациялық үрдіс, әлеуметтік-экономикалық даму, жүйе, трансакциялық шығындар, инновация, салық айналымы, несие.

Экономикалық өсудің қажетті шарттары, жаңа қуаттылық көзқайнарлары, технологиялар, басқару жүйелеріне айналатын білім мен ойлар болып табылады. Осы ойлар мен білімдер адамдардың шығармашылық қызметіндегі үрдісте үздіксіз ұдайы өндірісте болуы тиіс.

Форсайт — ғылыми-техникалық дамудың басымдықтарын анықтайтын жаңа модель, онымен ұзақ мерзімді келешектегі елдің әлеуметтік-экономикалық дамуына әсер ететін, жаңа ғылыми-стратегиялық бағыттар мен технологиялық жетістіктерді анықтаушы жүйелендірілген үрдіс түсіндіріледі. Форсайт үрдісі басты орынды ғылыми-техникалық бағыттарды алатын, орта немесе ұзақ мерзімді уақытша жиікті жүйелену болып табылады. Форсайт мемлекеттік-жеке серіктестік спектрін кеңейтеді, өзіне жеке болжамалы және байланыс технологияларын үйлестіреді. 1990 жылдары форсайт үрдісін АҚШ, Ұлыбритания, Германия, Жапония және Австралия (30 мемлекетке жуық) үкіметтері белсенді түрде пайдалана бастады [1]. Қазақстанда бұл әдіс ҒЗТКЖ саласындағы институционалды өзгерістерге қажетті анықтау механизмі және ұлттық инновациялық жүйені қалыптастыру ретінде, ҒЗТКЖ-дың жаңа бағыттарында мемлекеттік қаржыландыру басымдықтарын өңдеу үшін қолданылуы мүмкін.

Осы әдіс мемлекеттік сектор, жеке кәсіпкерлікте және қоғамдағы қарым-қатынасты нығайту, елдің инновациялық даму жолдары туралы принципіалды шешімдер жасау ісіне қолдануда зор үлесін тигізер еді.

Экономиканың макродеңгейінде инновациялық үрдістерді талдау алдында кәсіпорындардың «қарапайым» экономикалық субъектілерінің инновациялық сипатының алгоритмін бөлшектей қарастыру қажет. Кәсіпорынның инновациялық қызметінің маңызды бағыттары болып келесілер

табылады: белгілі бағдарламалық жіберілімдегі өндіріс ішіндегі шығындарды барынша азайту мақсатымен өндірістегі инновация, сонымен қатар сақтандыру ісіндегі және аяқталмаған өндірісті минималдау негізінде өндірістік үрдістерді ұтымдандыру; жабдықтау мен өткізуді ұйымдастырумен байланысты сыртқы трансакциялық шығындарды азайту мақсатымен айналым саласындағы инновациялар; техникалық жобаларды тиімді басқару мақсатымен қаржылық-инвестициялық саладағы инновациялар; кәсіпорын ішіндегі трансакциялық шығындарды қысқарту мақсатымен басқару және есептеу жүйесінің салаларына инновациялар.

Өнімді жетілдіру бойынша технологияларды енгізуге ынталандырушы және тосқауылшы факторларды анықтауға болады, олар төмендегі кестеде көрсетілген.

К е с т е

Кәсіпорындарда инновациялық технологияларды енгізуде ынталандырушы және тосқауылшы факторлар

Ынталандырушы факторлар	Тосқауылшы факторлар
<ul style="list-style-type: none"> – тиімді қаржыландыру, инновациялық қызметке салықтарды төмендету; – несие мөлшерлері төмендеуі; – жетілген заңнама; – өткізу нарығы туралы жеткіліксіз ақпарат нәтижесіндегі тәуекел деңгейін төмендету; – тапсырыскерлердің ақшалай қаражатының болмауы; – интеллектуалдық меншікті қорғау үшін құқықтық өріс; – шағын және орта бизнеске қолайлы орта; – нарықтың талаптарына бейімделген технологиялық білім; – салық саясатының өзгеруі; – жетілдірілген саясатқа бой ұрып келе жатқан кәсіпорындарды инвестициялық жолмен қолдау; – сұрыпталған инновациялық бағдарламаларға мемлекеттік қолдау 	<ul style="list-style-type: none"> – жеке ақшалай қаражаттың жеткіліксіздігі; – жаңа енгізулерге үлкен шығындар; – жоғары экономикалық тәуекел; – жаңа енгізулерге кәсіпорындардың лезде бейімделмеуі; – персоналдардың төменгі біліктілігі; – трансферттік механизмдердің жеткіліксіз дамуы; – ғылым мен өндіріс байланысының нашарлығы; – енгізудегі кезектіліктің жоқтығы; – электртасушы құралдарға бағаның көтерілуі мен түсуі; – қаржылық көпіршіктердің пайда болуы мен құлауы; – әлеуметтік-экономикалық ортаның технологиялық бестік және алтылық сатының кең қолданылуына дайын болмауы; – айналадағы ортада жанама (үстеме) өнімнің (қалдықтардың) жиналуы

Инновациялық жұмыс барысына қатысты салық саясатының келесі ерекшелік белгілері: кәсіпорын табысына қатысты салыққа жеңілдік жүйесін қолдану; технологиялық өзгерулердің ұлттық саясатының тапсырмалары мен мақсаттарына байланысты салықтық жеңілдіктердің салалық бөлінуі (таралуы), салықтық жеңілдіктердің міндетті сипаты және айқын мақсатты бағыттылығы, салықтық жеңілдіктерді қолдануға байланысты статистикалық есептің мемлекеттік міндетті жүйесінің қолайлығы. Жетілдірілген саясатқа бой ұрып келе жатқан кәсіпорындарды инвестициялық жолмен қолдау келесілер: салық айналымы және зерттелген несие (тәуекелдік технологиялық өзгерулерді қолдау үшін корпорациялардың салық айналымының төлем деңгейі, тәуекелдік жұмыстарды қолдаудың арнайы жүйесі, инновациялық жобаларға ақша қаражаттарын салып отырған резидент еместерге жеңілдіктер). Жаңа технологиялармен жұмыс жүргізетін ғылымның дамуына қолдау жасаудың түрлері салықтық демалыстарды белгілеу, бюджет есебінен немесе бюджеттен тыс қорлардан ғылыми зерттеулерді қаржыландыру болып табылады.

«Халық байлығының» жаңа әлемдегі айқын факторларының бірі — ол инновациялық белсенділік [2–6]. Сондықтан Елбасы Н.Ә.Назарбаевтың бастамасымен іске аса бастаған Қазақстанның жаңа индустриалдық саясаты ұлттық экономиканы шикізатқа тәуелділіктен арылтып, құны жоғары өнім шығаруға, қайта өңдеу секторын дамытуға және инновациялық технологияларды енгізу арқылы еңбек өнімділігі мен тиімділігін арттыруға бастайды. Тұтастай алғанда бағдарлама

болашақ табыстардың негізі өнеркәсіпте ғана емес, сонымен бірге адам санасындағы өзіндік бір төңкеріс болмақ [7, 8].

Біздің ойымызша, Мемлекеттік үдемелі индустриалдық-инновациялық бағдарламаны іске асырудың қыр-сыры мынада жатыр. Осы бағдарлама аясында 2015 жылға дейін ішкі жалпы өнімді 50 пайызға арттыру көзделген. Мұндай асқақ мақсатқа жетудің амалы қандай? Ондай жетістікке жету үшін белсенді жүргізуді талап ететін үш басты бағытты атап өткен жөн.

Бірінші — индустриаландыру, яғни жаңа өндіріс қуатын қалыптастыру, өнеркәсіп саласында және агроөнеркәсіпте құны жоғары өнім шығару.

Екінші — үдемелі индустриаландыру. Дағдарыс тұсындағы ахуал мен Кеден одағы аясындағы жаңа мүмкіндіктерді пайдалана отырып, біз өзіміздің бәсекелестік тұрғыдағы артықшылықтарымызды барынша игеруіміз керек. Бір сөзбен айтқанда, қысқа мерзімде дамыған елдердің деңгейіне жету үшін алғы шептен көрінуге талпынған абзал.

Және ақырғысы, үшінші міндет — инновациялық индустриаландыру. Еңбек өнімділігі жоғарылап, алдыңғы қатарлы технологиялар барынша қолданылып жатса, ұлттық инновациялық жүйе дами түссе, инновациялық индустриаландырудың нәтижесі сол болар еді. Сондықтан да осы күнде инновацияға, ғылымға, шет елдік технологиялық компаниялармен серіктестік орнатуға басымдық беріліп отыр. Бәріміз — қарапайым халықтан бастап министрлерге, әкімдерге дейін бизнеске өзгеше көзқарас немесе артықшылық бар жерде ғана табысқа қол жеткізуге болады деп ойлаймыз.

Ал егер келешегі бар жобаларға келсек, олар барлық салада кездеседі. Фармацевтикада Мемлекет басшысы нақты тапсырма қойды — әрбір екінші дәрілік препарат Қазақстанда жасалуы керек. Бүгінде біз 100 млн. долларға дәрі-дәрмек өндіреміз, оның 20 пайызы экспортқа жіберіледі. Қазіргі уақытта «Фармация» БК ұзақ мерзімді сатып алу арқылы 2014 жылға дейін Президент тапсырмасын орындауға бағытталған жобамен жұмыс істей бастады. Сонымен қатар Астанада фармацевтикалық зауыт құрылысын бастау жобасы жүзеге асқалы тұр. Биыл дәл сондай жоба Шымкент, Алматы қалалары мен Павлодар, Қарағанды, Шығыс Қазақстан облыстарында да қарқын алады. Осы іспетті маңызды жобалар металлургия, машина жасау, химия және өзге де салаларда баршылық. Барлығы да бағдарламаның айқындаушысы ретінде Индустриаландыру картасына енгізілген.

Үдемелі индустриалдық даму бағдарламасы жақсы платформадан серпін алғалы тұр. Өйткені ел экономикасы өрлеу кезеңінде. Ішкі және сыртқы рыноктағы байланыс қазіргі жағдайға қолайлы. Елімізші өнеркәсіптік негізгі тауарларына деген сұранысы артты. Мұның бәрі өздігінен емес, экономиканы сауықтыру және дамыту жолындағы Үкіметтің бұрынғы жылдардағы қам-қарекетінің арқасында жүзеге асты. Тағы бір айбынды фактор келтіре кетудің орайы келіп тұр. Біле білсек, өнеркәсіптің өрлеуі — қазақстандық үлесті қорғауға алған Үкіметтің отандық тауар өндірушілерді қолдау шарасының нәтижесі. Атқарылған шаруаның берекеті сол, өнеркәсіп саласында айтарлықтай өсім байқалды, бүгінде ол 11,5 пайыз деңгейінде. Мысалы, өңдеуші өнеркәсіптер 742,1 млрд. теңгенің тауарын өндірді. Бұл физикалық көлем индексында өткен жылдың осы уақытымен салыстырғанда 18,7 пайызға артық.

Енді осыны әр саладағы нақты мысалдармен әспеттеп көрейік.

Тоқыма өнеркәсібінде мақта-мата иірілімін өндіру 4,2 мың т дейін жоғарылап, 248,3 пайызға жетті. Тоқыма бұйымдарын шығару (киім-кешектен бөлек) 974,1 мың данаға, яғни 260,3 пайызға, ұлғайды.

Химия өнеркәсібінде хром тотықтарын шығару 6,9 мың т, жалпы алғанда үш есе көбейгені тіркелді. Натрий бихроматын өндіру алты есеге, 15,9 мың т өсті. Фосфорлы, минералды және химиялық тыңайтқыштар шығару 136 пайызға артқан (12,1 мың т). Металлургия саласында ферроқорытпа өндіру 426,9 мың т дейін (158,5 пайыз), түрлі диаметрдегі құбырлар жасау, прокат заттары 37,9 мың т дейін (өсім 288,3 пайыз) жоғарылауы да қуантарлық жайт.

Отандық фармацевтикада да ілгерілеушілік бар. Дәрі-дәрмек өндірісі 3,6 млрд. теңгеге, яғни 192 пайызға, көтерілген. Өзге де фармацевтикалық препараттар — негізінен дәрі-дәрмекке қажетті қайта өңдеу шикізаты 548,5 млн. теңгеге (155,6 пайызға) артты.

Өткен жылы саяси қайшылықтың ортасында қалған атом өнеркәсібінде де уран өндіру мөлшерінің көбейгенін байқаймыз. Алғашқы тоқсанда бұл көрсеткіш 4004 т тұрақтады. Жоспарда 3881 т көзделген болатын. Мұндай жоғары көрсеткіштер кез келген Еуропалық держава алдында

абырой болуға жарап тұр. Бірақ бұл біз үшін тоқмейілсуге себеп емес. Өйткені осы жылы алдымызда 144 индустриялық жобаны іске асыру міндеті тұр.

Бағдарламаны қаржыландыру кезінде «Қандай да бір жеке дара, жоғары табысты салаға немесе өндіріске басымдық беріле ме?» деген сұрақ туындайды.

Қаржыландыру жағы түрлі формада және түрлі сипатта болады. Қазір «Бизнестің жол картасы–2020» жұрттың назарында. Мемлекет басшысының тапсырмасымен Үкіметте әзірленген құжатта аймақтардағы бизнестің бастамаларын қолдау жағы қарастырылған. Оның ішінде пайыздық ставканы субсидиялауды жеті пайызға дейін қысқарту мен несиені кепілдендіру және экспорттық тауарларды қаржыландыру гранты бар. Бұған дейінгі бағдарламалардан өзгешелігі сол, қаржыландыру құралдары жан-жақты пысықталған. «Бағдарламаның жүзеге асу барысын қалай тиімді бақылауға болады?» дегенге келсек, біріншіден, бұл құжатта мақсат пен меже нақты көрсетілген. Ішкі жалпы өнімді 50 пайызға көбейтуден бөлек қайта өңдеу саласындағы еңбек өнімділігін де 50 пайызға арттыру жоспарланған (кей салаларда 100 пайызға). Оған қоса инновациялық белсенді кәсіпорындардың үлесін жоғарылату, шикізатқа жатпайтын экспортты ұлғайту және басқа да шаралар көзделген. Салааралық бағдарламаларда әр сала бойынша өзіндік «маңызды тиімділік көрсеткіштерін» дайындау жағы қарастырылған, оның үстіне әр министрлікте стратегиялық жоспар бар.

Көптеген жобалар, әсіресе қосымша құны жоғары өнім, шығаруға бағытталғандары ұлттық компаниялар арқылы қаржыландырылады. Ал ірі энергетикалық жобалар «Самұрық-Қазына» ҰӘҚ арқылы қаржыландырылады. Мұнай өңдеу саласындағы жобалар, оның ішінде шетелдік инвесторлармен бірлескен жобаларға қаржы «Қазына-инвест» компаниясы арқылы бөлінеді. Сонымен бірге бірқатар жобаларды «КТЖ», «Қазатомпром» компаниялары іске асырады. Ауыл шаруашылығында жобалар «Қазагро» холдингі арқылы жүзеге асады. Шағын және орта бизнес болса, «Самұрық-Қазына» ҰӘҚ-тың «Даму» қоры арқылы қаржыландырылады. Қаржыландырудың бірнеше институтқа бөлінуі жобалардың салалық ерекшелігіне қарай орайластырылған.

Үкімет Үдемелі индустриалдық-инновациялық даму бағдарламасын, оны іске асыру жоспарын, 2015 жылға дейін өндірістік қуаттылықты ұтымды орналастыру сызбасын, құны 6,8 трлн. теңге болатын 101 жоба құрамына кірген республикалық Индустриаландыру картасын бекітіп, «Бизнестің жол картасы–2020» құжатын қабылдау туралы қаулы шығарды. Демек, барлық дайындық шаралары аяқталды. Келесі кезеңде ел үшін маңызы зор осы құжаттың барлық мүмкіндіктері белсенді түрде пайдаланылуы керек. Әр жоба министр, әкім, ұлттық компания басшылары қатыстылығына қарай бекітілген.

Отандық өндірісшілердің бәсекелестікті арттыруда зор мүмкіндігі бар екендігі, Индустриалдық-инновациялық даму бағдарламасының негізгі құралы қазақстандық үлес екендігі үнемі айтылады. Бірақ жергілікті өндірістерде проблемалар бар екенін ешкім жоққа шығара алмайды.

Бүгінгі күнде өнеркәсіптегі проблемалардың дені технологиялық жағынан артта қалғандықта жатыр. Проблеманы шешудің амалы — конструкторлық бюро ашу үшін 2,2 млрд. теңге бөлінді. Одан бөлек Индустриалдық-инновациялық даму бағдарламасының аясында сұранысқа ие өндіріс ошақтарын жаңадан жасақтауға қаржы жұмсау жоспарланған.

Өнеркәсіптегі өзекті проблема — кәсіпорындардағы айналымға қажет қаржының жоқтығы. Оларды қаржыландырудың сенімді баламасы — тапсырыс беруші мен отандық өндірісшілер арасындағы ұзақ мерзімді келісімнің үлесін барынша ұзарту. Бұл қазақстандық үлесті дамыту мен өзгеше өнім шығарудың күшті құралы. Мәселен, 2010 жылдың алғашқы тоқсанында «Самұрық-Қазына» ҰӘҚ компаниялар тобының тауарлар алдыру, жұмыс және қызмет түрлері бойынша жасасқан келісімдерінің жалпы құны 879 млрд. теңге болды. Ұлттық әл-ауқат қорының мамандары жыл соңына қарай қазақстандық үлес мөлшері 47 пайызға жетеді деп болжап отыр. Бұл өз деңгейінде жоғары көрсеткіш.

Өткен жылы Президенттің тапсырмасымен Үкіметте, министрліктерде және ұлттық холдингтерде осы бағытта шұғыл әрі жүйелі жұмыстар атқарылды. Байқап қарасақ, нәтиже жаман емес. Тек мемлекеттік сатып алудағы қазақстандық үлестің тауар түріндегі мөлшері 52 пайыз, «Самұрық-Қазынада» — 63, жүйе қалыптастырушы кәсіпорындарда — 43,2, жер қойнауын пайдаланушыларда 10,7 пайызға жетіп отыр. Тұтастай алғанда, 2009 жылы өткен форумдардың қорытындысына сәйкес 776,2 млрд. теңгелік 11 мың келісім-шарт жасалған.

Жоғарыда айтылғандарды ескере отырып, осы саладағы мамандар мен оған қатысы бар мемлекеттік ұйымдар инновациялық инфрақұрылымның ұлттық экономика үшін тиімділігін

көтеретін және ұтымды жұмыс жасайтын тетігін қалыптастыруға атсалысулары қажет деген пікір туындайды.

Отандық инновациялық инфрақұрылым Қазақстан Республикасы аумағында инновациялық қызметті жүзеге асыратын мамандандырылған субъектілердің және инновациялық қызметтің жүруіне ыңғайлы жағдай жасайтын ұйымдардың өзара байланысқан жүйесінен тұрады (сур. кара).



Сурет. Қазақстандағы инновациялық инфрақұрылым элементтері

ҚР «Инновациялық қызметті мемлекеттік қолдау туралы» Заңына сәйкес елімізде инновациялық қызметтің мынандай мамандандырылған субъектілері қызмет жасайды: технологиялық парк, технологиялық бизнес-инкубатор және инновациялық қор. Бұл мамандандырылған әрбір субъектінің өзіне тән қызмет ету ерекшеліктері бар.

Технологиялық парктер әлемдік инновациялық инфрақұрылым элементтерінің негізгісі болып табылады. Технопарктердің басты қызметі — елдің инновациялық мүмкіндіктерін ынталандыру және дамыту. Сондай-ақ экономиканы инновациялық өніммен қамтамасыз ету.

Біздің ойымызша, ұлттық инновациялық инфрақұрылым элементтерінің ішіндегі технологиялық парктерді дамытудың экономикалық тетіктері мыналарға иек артуы тиіс.

Біріншіден, мемлекеттік қолдау. Мемлекеттің белсенді рөлі бірінші кезекте қолданысқа жарамды инновациялық инфрақұрылымды қалыптастыру үшін, соның ішінде технопарктердің қызметін жандандыру тетіктерін айқындау үшін қажет. Әлемнің көптеген елдерінде ұлттық экономиканың бәсекеге қабілетін арттыру үшін мемлекет инновациялық инфрақұрылымға белсенді қатысушының рөлін өзіне алады. Мемлекеттің белсенді рөлі инфрақұрылымның барлық элементтерінің өзара іс-қимылдарын мемлекеттік деңгейде үйлестіруді жүзеге асыруға; дамудың ұлттық, салалық және өңірлік басымдықтарының өзара келісушілігін қамтамасыз етуге; ресурстарды басым бағыттарға шоғырландыруды реттеуге мүмкіндік береді.

Мемлекеттің жеке капиталмен серіктестігі инновациялық даму үрдісіне жеке сектордың ресурстарын тарту үшін қажет. Мемлекет жеке секторды алмастыруы қажет емес, ол инновациялық инфрақұрылымды қалыптастыру мен дамыту үрдісінде ұйымдастырушы, катализатор және

үйлестіруші ретінде ғана көрінеді, яғни оның басты мақсаты жеке капиталды инновациялық үрдістерге белсенді қатысуға тарту болып табылады. Елдегі инновациялық инфрақұрылымның қалыптасуына қарай оның жұмыс істеуіндегі және одан әрі дамуындағы мемлекеттің рөлі қысқаратын болады.

Екіншіден, еліміздегі технопарктер кез келген ғылыми өнертабысты, кез келген коммерциялық ұтымды әзірлемені іске асыру мүмкіндігін қамтамасыз етуі тиіс. Бұл өндіріс пен ғылыми зерттеулердің жаһандану үрдістерінен барынша нәтиже алуға, инновациялық қызметке елдің барлық талантты адамдарын тартуға мүмкіндік береді.

Үшіншіден, арнайы өндірістік-экономикалық аймақтардың санын ұлғайту және олардағы артықшылықтар мен жеңілдіктерді тек инновациялық-өндірістік сипаттағы мекемелерге беру. Бұл тетік жеке капиталдың сауда-саттық саласынан өндірістік салаға тартылуына едәуір ықпал етуі тиіс.

Төртіншіден, жоғары оқу орындарының жанынан ғылыми-зерттеу орталықтарын ашуды және олардың аумақтарында технопарктерді ұйымдастыруды ынталандыру. Бұл бағыт бүгінгі күні Қазақстанның білім жүйесіндегі ғылым мен өндірістің арасындағы байланыстың жандануына ықпал етер еді. Сондай-ақ ғылымға икемді жас мамандар өз идеяларын сынауға және жүзеге асыруға мүмкіндік алады. Қазіргі жоғары оқу жүйесіндегі жаңа өзгеріс болып табылатын «бакалавриат–магистратура–докторантура» бағытын саннан сапаға өткізуге, яғни мамандардың теориялық білімдерін тәжірибеде шыңдауға, негіз болады.

Бесіншіден, технопарктерді мемлекеттің қоғамдық, өндірістік, әлеуметтік, ғылыми және басқа да істеріне тығыз араластыру. Яғни технопарктерге өз әлеуетін елдің барлық салаларында сынауға және қолданысқа енгізуге мүмкіндік жасау.

Қазақстан Республикасындағы инновациялық инфрақұрылымның келесі бір мамандандырылған маңызды субъектісі — технологиялық бизнес-инкубаторлар. Олар инновацияны құру, қорғау құжаттарын алуға, өтінімдерді рәсімдеу және инновациялық жобаны дайындау үшін жеке және заңды тұлғаларға құқықтық, ұйымдық, ақпараттық және өзге де қызметтер ұсыну жөніндегі іс-шараны жүзеге асырушы заңды тұлға болып табылады.

Қазақстандағы технологиялық бизнес-инкубаторларды дамытудың экономикалық тетіктері ретінде мыналарды көрсетуге болады:

- отандық технологиялық бизнес-инкубаторларды шын мәнінде инновациялық бизнесті дамыту орталықтарына айналдыруға ықпал ететін озық тәжірибелерді анықтау және оларды қызметтеріне енгізу;
- технологиялық бизнес-инкубаторларға жаңа идеяларды тартуды ынталандырудың экономикалық тетіктерін анықтау;
- технологиялық бизнес-инкубаторларда идеясы бар талантты адамдардың ақыл-ой жетістіктерін тәжірибеден өткізіп, оны қолданысқа дейін жеткізуге мүмкіндіктер жасау және т. б.

Отандық инновациялық инфрақұрылымның тағы да бір мамандандырылған субъектісі — ол инновациялық қор, негізінен инновациялық жобаларды және инфрақұрылымды қаржыландыру, сондай-ақ инновациялық қызмет саласында қызметтер көрсету арқылы инновациялық қызметтің дамуына жәрдемдесетін заңды тұлға ретінде танылады. Елімізде мұндай міндетті алып жүру ҚР «Ұлттық инновациялық қоры» АҚ жүктелген.

Сөз соңында айтарымыз, үдемелі индустриаландыру — дамудың сапалы жаңа кезеңіне шығу, бірінші кезекте ілгерілуі тұрғысында сана-сезімді өзгерту. Міне, сондықтан да индустриалдық-инновациялық даму бағдарламасын көп мақсатты деп есептеген жөн. Бұл өз деңгейінде ұлттық бірлік идеясының материалдық тұрғыдан орындалуының кепілі. Ол биліктің, бизнестің және халықтың бірлігі.

Әдебиеттер тізімі

- 1 *Брыкин А.В., Шумаев В.А.* Организация стратегического развития экономики на основе форсайта // Менеджмент в России и за рубежом. — 2009. — № 2. — С. 9–14.
- 2 *Муканов Д.* Индустриально-инновационное развитие Казахстана: потенциал и механизмы реализации. — Алматы: Дайк-Пресс, 2004. — 274 с.
- 3 *Каренов Р.С., Каренов А.Р.* Менеджмент технологий: Учеб. пособие. — Астана: Изд-во КазУЭФМТ, 2009. — 363 с.
- 4 *Трифилова А.А.* Управление инновационным развитием предприятия. — М.: Финансы и статистика, 2003. — 176 с.

5 Барлыбаева Н.А. Национальная инновационная система Казахстана: перспективы и механизм развития. — Алматы: Ин-т экономики, 2006. — 199 с.

6 Базилевич А.И. Инновационный менеджмент предприятия: Учеб. пособие. — М.: ЮНИТИ-ДАНА, 2009. — 231 с.

7 Индустриально-технологическое развитие Казахстана ради нашего будущего: Выступ. Президента Республики Казахстан, Председателя НДП «Нур Отан» Нурсултана Назарбаева на внеочередном XII съезде партии // Мысль. — 2009. — № 6. — С. 2–11.

8 Новое десятилетие — новый экономический подъем — новые возможности Казахстана: Послание Президента Республики Казахстан Нурсултана Назарбаева народу Казахстана // Мысль. — 2010. — № 3. — С. 2–14.

Т.Б.Казбеков, Б.Т.Онаева

Сущность реализации государственной программы ускоренного индустриально-инновационного развития

Рассмотрены сдерживающие факторы ускоренного преобразования экономики республики: деиндустриализация производительных сил; свертывание современных производств; сырьевая направленность экономики. Раскрыты причины быстрой технологической отсталости Казахстана. Показано, что необходимость разработки Госпрограммы индустриально-инновационного развития страны вызвана целесообразностью выйти на новые качественные рубежи в экономической и социальной жизни республики. Выделены потенциал и механизмы индустриально-инновационного развития Республики Казахстан на 2010–2014 гг. как основа устойчивого развития экономики страны.

Deterrents of the accelerated transformation of economy of republic are considered: productive forces; curling of modern manufactures; a raw orientation of economy. The reasons of fast technological backwardness of Kazakhstan are opened. It is shown that necessity of working out of the State program of industrially-innovative development of the country to leave caused expediency on new qualitative boundaries in an economic and social life of republic. The potential and mechanisms of industrially-innovative development of Republic Kazakhstan for 2010–2014 as a basis of a sustainable development of a national economy are allocated.

УДК 314.8(574)

Т.П.Притворова¹, М.Ш.Такамбаев²

¹Карагандинский государственный университет им. Е.А. Букетова;

²Управление экономики и бюджетного планирования Акмолинской области

Тенденции демографического поведения населения Акмолинской области

Статья посвящена рассмотрению результатов исследования демографических процессов Акмолинской области: уровень урбанизации, тенденции естественного роста, миграция населения городов и сел Акмолинской области. Авторами выявлены особенности миграционных процессов и экономического роста в близлежащих к центру населенных пунктах. Одновременное рассмотрение факторов урбанизации и демократического движения населения позволили авторам определить типологию размещения населения Акмолинской области по отдельным территориям и типичным регионам и ареалам.

Ключевые слова: урбанизация, рождаемость, прирост населения, плотность населения, демография, качество, темпы роста, выгодное геоэкономическое положение, убыль населения, миграционный отток, миграционный приток.

Численность населения области уменьшилась с 2001–2008 гг. на 13 103 человека, т.е. на 1,07 %. В отдельные годы изменение численности было положительным, но в среднем за период тренд имеет отрицательный наклон (рис. 1). Сокращение численности произошло в городах на 14 548 человек, или на 4,2 %. Сельское населения возросло на 1445 человек, или на 0,35 %.